

Нүргүл Тұрсынқызы Нығметова
Қарағанды техникалық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
nurgul_tursynovna@mail.ru

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗДЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Қазақ тіл біліміне сүбелі үлесін қосып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын арттыруға көңіл бөліп, мағыналы өмірін білім, ғылыммен өрнектеген, шәкірттерін біліммен сусындатып, сол шәкірттерінің жетістіктеріне қуанған ұлағатты ұстаз-ғалым Шара Мажитаева мерейлі 70 жасқа толып отыр. Әр ғалымның ғылымда өзіндік орны, өз биігі, өзіндік болмыс-бітімі бар.

Шара Мажитаева – ұлттық әдеби тілдің тарихына елеулі үлес қосып жүрген ғалым. Қазақ әдеби тілі тарихына арналған зерттеулерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық әдеби тілді дамытудағы айрықша еңбектері кеңінен қарастырылған. Осы кезеңдегі саяси бағыттарға байланысты А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, Ж.Аймауытов сияқты Алаш ардақтыларының әдеби тілімізді дамыту, жетілдіру жолындағы сіңірген еңбектері жайында кезінде сөз болмағаны, тиісті бағаланбағаны, тіпті есімдерінің аталмағаны да жалпыға аян. Осы олқылықтың орнын білікті ғалым өз зерттеулерінде жан-жақты зерделеп, құнды теориялық пікірлерімен толықтырды. Тартысты, жаңалыққа толы, сонымен қатар қиыншылығы қатар келген сол жылдардың әр кезеңіне жеке арнайы тоқталып, әдеби тілге қатысты басты қағидалар туралы, әдеби тілдің анықтамалары мен даму кезеңдері жайлы тұжырымдар жасады. Қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуында ерекше орын алатын қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллиндердің тіл тағдыры жайындағы еңбектеріне, термин алу принциптеріне жан-жақты баға беріп, ғылыми тұрғыда пайымдады.

ХХ ғасырдың басы – қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің дараланып, сараланған кезі, осы кезең тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын қалыптастырып, бір жүйеге түсіруге бағытталған жұмыстармен ерекшеленеді. Публицистикалық, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздары стильдері қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерге ие бола бастаған кезең. Ғалым өз еңбектерінде осы стильдік қолданыстарды жеке қарастырды. ХХ ғасырдың басында ғылым тілін жасауда, терминологияны қалыптастырып дамытуда партияның орынсыз араласуымен кемшіліктерге жол берілгеніне нақты деректер келтіреді.

Ұлағатты ғалым ХХ ғасыр басындағы ұлттық әдеби тіліміздің функционалдық стильдерінің қалыптасу, даму, жетілу жолдарын саралап, оның қоғамдық қызметінің кенеюі, графикасының өзгеру себептері, лексикалық байлығының артуы, грамматикалық құрылысының жетілуі, сонымен қатар, әдеби тілдің қай бағытта дамуы сол дәуірдің тарихи-элеуметтік, тілдің өзіне қатыссыз факторларына тікелей байланысты екендігін айқын дәлелдеп берді. Зерттеу еңбектерінде әдеби тілдің функционалдық стильдер жүйесінің қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар, ұлттық жазуды жетілдіру мәселелері кеңінен баяндалып тұжырымдалды [1, 9].

Ұлттық әдеби тілдің тарихына қатысты ғылыми пайымдаулары, келтірген дәйектері мен кесімді пікірлері өзіндік құндылығын жоймайтын ғылыми негіздер болып табылады. Бұл іргелі ғылыми зерттеулері монографиялық еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ әдеби тілі тарихын жан-жақты зерделеген зерттеу жұмыстары, ғылыми жарқын ойлары мен ой-тұжырымдары ғылымда өзіндік ізін салып, ғылымның дамуына елеулі үлес қосып келеді. Ғылыми зерттеулерінің бірнеше нәтижелері Scopus және Web of Science деректер базасында жарияланды.

Ғылыми-ұстаздық қызметінде қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін көтеріп жүрген ғалымның білім беру, ғылыми-зерттеу істеріндегі ұйымдастырушылық қызметі мен оқыту шеберлігінің де орны айрықша.

Профессор Ш.Мажитаеваның ғылыми еңбектерін негізге алып, өмірлік қажеттеріне жаратып жатқан шәкірттерінің ұстазынан үйренері көп. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, бар уақытын ғылымға арнаған және табиғатынан көп ізденіп, көп еңбек ететін, ғылым мен білім беруді ұштастырып, жақсы қасиеттерді шәкірттерінің бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беріп жүрген ғалым-тәлімгер апайымыз қай кезде болмасын шәкірттеріне қамқорлық танытады, қолдайды, шәкірттерінің өзінен озғанын қалайды, сонымен қатар жауаптылыққа тәрбиелейді. Шәкірт тәрбиелеу қызметіндегі қажырлы еңбегі ұстаздық бейнесін

даралап, ерекше тұлға екенін айшықтайды. Сыр мен сымбаты келіскен жеке тұлғасы ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісіндей болып шәкірттерінің жүрегіне кісілік дәнін себеді. Ұстаздың өмірлік тәжірибесінің, тәлім-тағылымдамасының шәкірттері үшін орны бөлек.

Тәлімгер-ұстазымның кісілік келбеті мен адами асыл қасиеттері мен үшін де жоғары, өзгеше дара, болмысы бөлек тұлға. Апайдың кісіні жатсынбайтын тартымдылығы мен өзіне тән қарапайымдылығы бар. Ұжымдағы әріптестеріне сыйлы, жігерлі, өте еңбекқор, рухани адамгершілікті биік тұғырға қондырған ардақты жан. Мен ғалым-ұстаз апайымның талант ерекшелігіне, рухани келбетіне, парасаттылығына, білімділігіне тәнтімін. Аналық ақыл-кеңестерін тыңдадым, жанашырлықпен айтқан ақ пейілін, жақсыға баулыған адал көңілін сезініп келемін.

Қымбатты Шара Мажитайқызы! Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын! Сіздің отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілеймін, ұзақ ғұмырлы болыңыз, ғылымның игілігіндегі барлық істеріңізге сәттілік тілеймін. Сіздей ұстаздың шәкірті болғанымды мақтан тұтамын, шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген, білім нұрын төге білген ұстазыма шәкіртінен мың тағзым!

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 234 б.

А.А.Сатбекова

педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚазҰлтҚызПУ,
«ЖОО Үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі

ҮЗДІК ҰСТАЗДЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Белгілі ғалым, ұлт қайраткері Евней Бөкетов: «Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары-ғылым адамдары»-деген екен.

Қазақ және жалпы тіл білімі саласының маманы Ш.Мажитаева – 300-ден астам ғылыми мақала, ғылыми-әдістемелік еңбектер, монографиялар мен оқу құралдарының авторы. Ғалымның қазақ әдеби тілі тарихына арналған “XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің мәселелері” /1997/, “XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі” /1999/, «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (Астана: Елорда, 2001) атты монографиялары қазақ әдеби тілі тарихын зерттеушілер мен филология факультетінің студенттері мен магистранттары үшін аса қажетті еңбектер қатарына жатады. Зерттеуші жарты ғасырдағы жарық көрген мерзімді баспасөз, көркем әдебиет, ғылыми әдебиет және іс-қағаздары мен кеңсе тіліне байланысты материалдарды қарастырып, солардың негізінде әдеби тілдің дамуына талдау жасайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шара Мажитаева – 2003-2008 жылдар аралығында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстанның белгілі ғылым докторларынан тұратын БД 14.50.17 Біріккен докторлық диссертациялық кеңестің мүшесі болды. 10.02.02-қазақ тілі, 10.02.19-тіл теориясы, 10.02.01-орыс тілі, 10.02.10-Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері, 13.00.02-оқыту және тәрбие теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі қазақ тілі) мамандықтары бойынша республикамызда ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындау ісіне зор үлес қосты. Ғалым Ш.Мажитаева ұстаздық, ғалымдық пен ұйымдастырушылық қызметтерін өзара ұштастыра білген бірегей тұлға.

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне еңбегін сіңірген қызметкер» атағының иегері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері, профессор Шара Мажитайқызы туралы сөз қозғағанда оның бойындағы ең ізгі қасиеттер – қарапайымдылық, кішіпейілділік, еңбекқорлық жайында айтпай өту мүмкін емес. Ол өзінің ізденімпаздығының, тынымсыз еңбегінің арқасында бүгінгідей дәрежеге жетті.

Ғалымның алыс –жақын шет елдерде жарық көрген еңбектеріне Қырғызстанда жарияланған «Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу тарихы» атты монографиясы мен Өзбекстанда шыққан